

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОИЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
2020 ж. « 30 » 10 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 080540 010356
№ 7369-1901-НАО-АМ



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті Төрағасының
2020 жылғы « 15 » қазандағы № 641
бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**«МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Нұр-Сұлтан, 2020

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және оның атауын, орналасқан жерін, қалыптасу тәртібін, органдарының құзыреттерін, қайта ұйымдастыру және оның қызметінің тоқтатылу шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Государственная техническая служба»;

3) ағылшын тілінде: «State Technical Service» Joint Stock Company.

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «МТҚ» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «ГТС»;

3) ағылшын тілінде: «STS» JSC.

4. Қоғамның атқарушы органы орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55В ғимараты, пошталық индексі Z05T3F4.

5. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

6. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансына, банк шоттарына ие, өз атынан мүліктік және жеке мүлік емес құқықтарды сатып ала алады, іске асыра алады, жауапкершілік арқалайды, сотта талапкер және жауап беруші бола алады.

7. Қоғамның мөрі, қазақ және орыс тілдеріндегі толық атауы көрсетілген фирмалық бланкісі, үлгілерін Қоғамның атқарушы органы бекітетін, орнатылған тәртіппен бекітілетін тауар белгісі және символдары, сондай-ақ қызмет жүргізуге қажетті басқа да дараландыру құралдары бар.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғы капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген тәртіппен, Директорлар кеңесінің шешімімен, Қоғам өзі орналасқан жерден басқа жерде заңды тұлға саналмайтын, Қоғамның тапсырмасымен Филиалдар туралы бекітілген ережелер негізінде оның атынан әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құру, оларға өз мүлкінің есебінен негізгі және айналымдағы қаражаттар бөлу және олардың қызметтерін айқындау құқына ие.

Филиал немесе өкілдіктің мүлкі Қоғамның балансында болады.

Қоғам мемлекеттік тіркеуге қойылған сәттен бастап заңды тұлға құқын алады.

2. Қоғам құрылтайшысы

10. Қоғам құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 630 «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Мемлекеттік техникалық қызмет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес және қабылдап алу-беру актісіне сәйкес Қоғамның республика меншігіндегі акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады, ол Қоғамның Жалғыз акционері болады және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мемлекет мүддесін қорғайды.

11. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне билік ету құқығы мемлекеттік мүлік жөніндегі құзыретті органға тиесілі.

12. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты әрі Қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады.

3. Қоғам мақсаттары және қызмет түрлері

13. Қоғам қызметінің мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының және ақпараттық кеңістігінің ақпараттық қауіпсіздігін қалыптастыруда, оны қамтамасыз ету мен дамытуда жәрдемдесу;

2) осы Жарғыда көзделген қызметті іске асыру нәтижесінде табыс алу.

14. Қоғамның қызмет түрлері:

1) ақпараттандыру саласында мемлекеттік монополияға жатқызылған: интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзін және «электрондық үкіметтің» электрондық поштасының бірыңғай шлюзін қолдап отыруды жүзеге асыру;

«электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілеріне ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу;

ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметті жобалауға арналған тапсырманың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне келісуді жүзеге асыру;

«электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісін құруға немесе дамытуға арналған инвестициялық ұсыныстың және бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемесінің және техникалық тапсырманың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізу;

жоғарғы деңгейдегі қазақстандық домендік аттарға қызмет көрсететін домендік аттар серверлерінің істен шығу төзімділігінің мониторингін жүзеге асыру;

ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы ақпараттандыру объектілерінің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді айқындау, талдау жүргізу және болғызбау бөлігінде ақпаратты қорғау құралдарын әзірлеу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;

ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелерінде ақпараттандыру объектілерінің меншік иелеріне, иеленушілеріне және пайдаланушыларына жәрдемдесу;

ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингі мәселелері бойынша ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарының «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілеріндегі және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның басқа да аса маңызды объектілеріндегі ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратын жинауды, талдауды және қорытуды жүзеге асыру;

ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-шараларды жүргізе отырып, «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің, Интернеттің қазақстандық сегментінің, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін, қорғалуы мен қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою мониторингі мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингінің жүйесі арқылы «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асыру;

мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларына мониторинг жүргізу;

ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын резервтік көшірудің мерзімділігін белгілеу;

ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингінің жүйесін ұйымдастырушылық және техникалық тұрғыдан қолдап отыруды жүзеге асыру;

«электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінде ақпараттық қауіпсіздік қатерлері мен инциденттерін айқындау, оларға жол бермеу және

зерделеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру және оларды жою немесе болдырмау бойынша ұсынымдар қалыптастру;

«электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды үйлестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне әрекет ету;

2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік монополияға жатқызылған:

Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйелерін техникалық қолдап отыру, сондай-ақ халықаралық түйісу нүктелерін есепке алуды жүргізу;

Қазақстан Республикасының аумағында қалааралық және халықаралық байланыс операторларының интернет-трафикпен алмасу нүктелерін ұйымдастыру мен техникалық қолдап отыру, сондай-ақ қалааралық және халықаралық байланыс операторларының желілерін интернет-трафикпен алмасу нүктесіне қосу;

ақпараттық қауіпсіздіктің куәландырушы орталығын ұйымдастыру және техникалық қолдап отыру.

15. Қоғам өндіретін және (немесе) іске асыратын мемлекеттік монополия саласындағы қызмет түрлеріне жататын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органы белгілейді.

Қоғам өндіретін және (немесе) іске асыратын мемлекеттік монополия саласындағы қызмет түрлеріне жатпайтын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын Қоғам өз еркімен белгілейді.

16. Лицензия немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен алу қажет басқа да рұқсат түрлерін талап ететін қызмет түрлерін Қоғам тек тиісті лицензияларды немесе басқа да рұқсаттарды алғаннан кейін іске асырады.

4. Қоғам Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

17. Жалғыз акционер құқылы:

1) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына (бұдан әрі – Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) заңнамада белгіленген тәртіпте дивидендтер алуға;

3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның Жалғыз акционерімен немесе осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) Қоғамның реттеушісі немесе номиналды ұстаушысынан оның құнды қағаздарға меншік құқығын растайтын жазбаларды алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін сайлауға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

7) Қоғамға қызметі туралы жазба сауалдармен жүгінуге және сауалдың Қоғамға келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ынталандырушы жауаптарды алуға;

8) Қоғамды тарату кезінде оның мүлкінің бір бөлігін алуға;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте акцияларды артықшылықпен сатып алуға;

10) Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

11) өз қаражаты есебінен Қоғамға аудит жүргізуді ұйымдастыруды талап етуге.

18. Жалғыз акционер міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) Қоғам акция иелерінің тізілім жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгертілуі туралы он жұмыс күні ішінде орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге қарайтын номиналды акция иесіне хабар беруге;

3) Қоғам және оның қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпиялары туралы ақпараттарды айтпау;

4) Заңына сәйкес басқа да міндеттемелерді орындауға.

5. Қоғамның құнды қағаздары

19. Қоғам тек құжатсыз пішіндегі акциялар шығарады.

20. Жай акцияны айналдыру құнды қағаз иелерінің тізіліміне тіркеледі. Тізілімді Қоғам реттеушісі жүргізеді. Оған Жалғыз акционерден акция алынған уақыт, акциялардың мөлшері туралы мәліметтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да мәліметтер енгізіледі.

21. Қоғам сатып алған жеке акциялар туралы мәліметтер міндетті түрде құнды қағаз иелерінің тізіліміне енгізіледі.

22. Қоғам өзінің шаруашылық қызметімен байланысты шығындарды жабу үшін акция шығаруға құқылы емес.

23. Жалғыз акционердің қол қойылған және толықтай ақысы төленген акцияларға деген құқығын растайтын құжат қызметін акция иелері тізілімінен алынған жазба атқарады.

24. Заңнамамен реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығару, айналдыру және тіркеу мәселелерін, оларды шығару туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Қоғамның Жалғыз акционері айқындайды.

6. Қоғам органдары

25. Қоғам органдары мыналар:

1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;

2) басқарушы орган – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Қоғам Басқармасы;

4) бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.

7. Жалғыз акционер

26. Заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік мүлік жөніндегі құзырлы органмен келісу арқылы қабылданатын Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер:

1) Қоғам Жарғысына өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакцияда бекіту;

2) жарғы капиталының көлемін өзгерту;

3) қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту, есепті қаржылық жылдағы таза табысты бөлу;

4) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;

6) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою.

27. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

5) Қоғамның жай акцияларына алмастырылатын құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

6) орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау;

7) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

8) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

9) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;

10) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) тізімінен шығу туралы шешім қабылдау;

12) Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне енгізілген өзгерістерді заңға сәйкес бекіту;

13) Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

14) Басқарма Төрағасын сайлау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жаза қолдану;

15) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

16) Заңмен және (немесе) Қоғам жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау.

28. Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауды басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

29. Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Жалғыз акционер қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

8. Қоғамның Директорлар кеңесі

30. Қоғамның Директорлар кеңесі Заңда және осы Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

31. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Заңға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша сайланады және қайта сайланады. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

32. Директорлар кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

33. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы керек, олардың ішінен жасырын дауыс беру арқылы Қоғам мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы сайланады. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді. Қоғамның Директорлар кеңесі кез келген уақытта Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болады.

Қоғамның Директорлар кеңесі, егер оның жұмысына жартысынан көбі қатысса (тәуелсіз директордың міндетті түрде қатысуымен), шешім қабылдауға құқылы. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі қатысқандардың көпшілігінің даусымен қабылданады. Директорлар кеңесі шешім қабылдарда дауыстар тең болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болады.

Қоғамның директорлар кеңесі Төрағасы болмаған кезде оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

34. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын және оның орындалуы туралы есепті бекіту;
- 3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Басқарма туралы ережені бекіту;
- 9) Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелерін сайлау, өкілеттілік мерзімін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жаза қолдану;
- 10) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшерін және еңбегіне сыйақы төлеу сыйақы шарттарын айқындау;
- 11) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 12) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 13) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды),

оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

17) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

19) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

20) Қоғамның шектік штат саны мен ұйымдық құрылымын бекіту;

21) осы Жарғының 27-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Қоғам Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

22) Заңда және (немесе) Қоғам жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

35. Директорлар кеңесі тиіс:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюы;

2) қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

36. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасымен, не болмаса Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, Қоғамның ішкі аудит қызметінің мүшелерінің, немесе Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйыммен, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша шақырылады.

37. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алады.

38. Мынадай аса маңызды мәселелерді қарау және директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақта тізімделген мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

39. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

40. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

41. Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Қоғамның директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

9. Қоғам құқықтары мен міндеттері

42. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның құрылтай құжаттарында көзделген барлық құқықтарға ие.

43. Қоғамның оқшауландырылған мүлкі бар, ол өзіне тиесілі мүлік аясындағы міндеттемелері бойынша жауапкершілік арқалайды, оған тек қана Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жаза салынуы мүмкін.

44. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік арқаламайды. Қоғамның Жалғыз акционері, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғамның қызметімен байланысты шығындардың, оның акциялары құнының мөлшеріне жауап береді.

45. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, тура солай мемлекет те оның міндеттемелеріне жауап бермейді.

46. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай құқықтарға ие:

1) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасасу, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді иемденуге, сотта талапкер және жауапкер ретінде әрекет етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімхаттар беруге;

3) қорғау құжаттарын, технологияларын, «ноу-хау» және басқа да интеллектуалдық меншікті иелену және пайдалану құқығын алу және беру;

4) ерікті негізде Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде меншіктің барлық түріндегі ұйымдармен бірлестіктерге кіру, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде ұйымдарға қатысу;

5) салық есептілігі, мүлікті бағалау, кірістер мен шығыстарды есепке алу мақсатында қабылданған бухгалтерлік есеп қағидаларына сәйкес бухгалтерлік есеп пен есептіліктің қажетті және қажетті құжаттамасын жүргізу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында немесе одан тыс жерлерде орналасқан банктерде шоттардың барлық түрлерін ашуға және жүргізу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарыздар мен несиелер түрінде қаражат тарту, алу және пайдалану;

8) Қазақстан Республикасының аумағында немесе одан тыс жерлерде заңды және жеке тұлғалармен, сондай-ақ шетелдік, мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен еркін хат алмасу және байланыста болу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды алу, жүзеге асыру немесе беру;

10) меншікті және (немесе) қарыз қаражаттарын немесе несиелерді пайдалана отырып, осы тармақта көзделген құқықтарды жүзеге асыруға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында акционерлік қоғамдар нысанындағы заңды тұлғалар үшін көзделген өзге де құқықтарға ие болу.

10. Қоғам Басқармасы

47. Қоғам Басқармасы оның ағымдағы қызметіндегі барлық мәселелерді шешетін атқарушы орган болып табылады.

48. Басқарма Қоғам қызметінің Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның өзге органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне берілмеген кез келген мәселелері бойынша отырыстарда шешімдер қабылдауға құқылы.

Мәселелерді Қоғам Басқармасының қарауына енгізу құқығы Жалғыз акционерге, Директорлар кеңесі мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметіне, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен құрылған комитеттерге тиесілі.

Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қоюы керек және онда дауыс беруге қойылған мәселелер, дауыс беру қорытындылары, әр мәселе бойынша Басқарма мүшелерінің дауыс беру нәтижелері көрсетілуі тиіс.

Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

49. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

50. Қоғамның Басқармасы Қоғамның Директорлар кеңесі сайлаған, кем дегенде үш мүшеден тұрады (Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша сайланған Қоғам Басқармасының Төрағасын қоспағанда), ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және оны Қоғамның Басқарма төрағасы басқарады.

Қоғамның Басқарма мүшелері шексіз рет қайта сайлануы мүмкін.

Қоғамның Басқармасы қажет болған жағдайда шақырылады, бірақ кемінде айына бір рет.

51. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма Төрағасы атқарушы органның басшысы болуға немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы лауазымын иеленуге, басқа

заңды тұлғалардың атқарушы органының функцияларын жеке-дара орындауға құқылы емес.

Басқарма қызмет жүргізу тәртібі Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Қоғамның Жарғысымен, Басқарма туралы ережемен айқындалады.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Қоғамның Жарғысымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ аталған тұлға Қоғаммен жасасқан еңбек шартымен айқындалады.

Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

52. Қоғам Басқармасының құзыретіне мыналар жатады:

1) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдау;

2) Қоғамның даму жоспарының әзірленуін және оның орындалуы туралы есептің дайындалуын және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынылуын қамтамасыз ету;

3) Қоғамның тауар белгілерінің, қызмет көрсету белгілері мен нышандарының үлгілерін бекіту;

4) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

5) Қоғамның штат саны мен ұйымдық құрылымын Директорлар кеңесінің бекітуіне енгізу;

6) Қоғамның штат кестесін бекіту;

7) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер мен нұсқаулықтарды қабылдау;

8) Қоғамның ішкі құжаттарын (Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарды қоспағанда) Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттардың жіктеуіші негізінде бекіту;

9) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдау, соның ішінде жұмыс кестесін айқындау;

10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің он пайызына дейінгі мөлшерде активтердің бір бөлігі мен бірнеше бөліктерін беру арқылы басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;

11) Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін мәселелерден тыс, Қоғам қызметінің басқа да мәселелерін шешу.

53. Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғамның бірінші басшысы болып табылады және Қоғамның қызметіне басшылық етеді.

54. Қоғам Басқармасының Төрағасы келесі функцияларды орындайды:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан босатады (заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және Қоғамның штат кестесіне сәйкес жалақыға төленетін жеке үстеме ақыны белгілейді, бонустардың мөлшерін анықтайды. Қоғамның Басқарма құрамына кіретін қызметкерлері және Қоғамның ішкі аудит қызметі, корпоративтік хатшы бұған кірмейді;

5) өзі болмаған жағдайда, өзінің міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелері арасында, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік шеңберлерін бөледі;

7) бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады, Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кірмейтін барлық мәселелері бойынша нұсқаулар береді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастырады және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдағаны үшін жеке жауапкершілік арқалайды;

9) Қоғамның Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның мүлкі мен қаражатын басқарады;

11) филиалдар мен өкілдіктер туралы ережені қоспағанда, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

12) Қоғам қызметкерлерінің міндеттерін айқындайды;

13) Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен өзіне берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

55. Басқарма Төрағасы болмаған кезде оны алмастыратын тұлға Басқарма Төрағасының міндеттерін атқарады.

11. Қоғамның ішкі аудит қызметі

56. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне ағымдағы бақылауды Қоғамның Ішкі аудит қызметі жүзеге асырады, ол Қоғамның директорлар кеңесінің бекіткен мерзімімен Қоғамның директорлар кеңесімен тағайындалады.

57. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысшылары Қоғамның Директорлар кеңесі және Қоғамның Басқармасы құрамына сайлана алмайды.

58. Қоғамның Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өзінің жұмысы бойынша оның алдында тоқсан сайын, жылдың қорытындысы бойынша және Қоғамның Директорлар кеңесі шешімімен шығарған мерзімде есеп береді.

59. Қоғамның қаржылық қызметіне бақылау Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі.

60. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесімен бекітілген тәртіпте:

1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат ұсынады;

2) Бағалау жүргізіп, жүйелендірілген және дәйекті қадамдарды пайдалана отырып тәуекелдерді басқару процестерін жетілдіруге жәрдемдеседі, консультациялар береді;

3) Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге сәйкес өзінің құзыретіне кіретін басқа да функцияларды жүзеге асырады.

61. Ішкі аудит қызметінің жұмысшылары Қоғамның қаржылық есептілігі бойынша Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қорытындыларын Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауы барысында және оның тексеру нәтижелерін қарау барысына қатыса алады.

12. Қоғамның Жарғылық капиталы

62. Қоғамның Жарғылық капиталы оның номиналды құны бойынша құрылтайшылардың акциялар төлеуі арқылы және инвесторлардың оны орналастыруы бойынша қалыптасады, бұл Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында бекітілген талаптарға сәйкес айқындалады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

63. Қоғам Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша өзінің жарғылық капиталын арттыруға құқылы болады. Қоғамның жарғылық капиталын арттыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған тәртіппен Қоғамның жария етілген акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

13. Табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

64. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленген басқа да төлемдерден кейін) Қоғамның иелік етуінде қалады, және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен анықталған тәртіппен бөлінеді, соның ішінде дивидендтер төлеу де қаралады. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына бағытталады немесе Қоғамның Жалғыз акционері шешімімен қарастырылған басқа да мақсаттарға жұмсалады.

Қоғамның Жалғыз акционері жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы мынандай келесі жағдайларда шешім қабылдауға құқылы:

1) өзіндік капиталының теріс мөлшері болғанда немесе қоғамның өзіндік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріске әкеп соғатын болса;

2) егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіз немесе төлемге қауқарсыз көріністеріне

ие болса, не болмаса оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде Қоғамда аталған көріністер пайда болатын болса;

3) басқа да жағдайларда.

65. Қоғамның Жалғыз акционеріне дивидендтер төлеу жыл сайын жүзеге асырылады. Жыл қорытындысы бойынша дивиденд төлеу туралы шешім Қоғамның Жалғыз акционерімен қабылданады. Дивиденд Қоғамның Жалғыз акционерінің дивиденд төлеу туралы шешімі қабылданған жағдайда, сол қабылданған мерзім ішінде төленеді.

66. Дивиденд төлеу Қоғамның Жалғыз акционерінің дивиденд төлеу туралы шешімі қабылданған жағдайда ақшалай төленеді. Жылдың қорытындысы бойынша жай акцияларға дивиденд төлеу туралы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімінде бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшері көрсетіледі. Дивидендтер тек қана төленген акцияларға төленеді.

14. Қоғамның есебі және есептілігі

67. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есептілігі туралы заңына және қаржылық есептіліктің Халықаралық стандарттарына сәйкес қалыптастырылған Қоғамның қаржылық есептілігі және есептік саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

68. Қоғамның қаржылық есептілігіне Қоғамның бухгалтерлік балансы, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есептер, ақша қаражаттарының қозғалыстарын көрсететін есептер, табыстар мен залалдар туралы есептер және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес, басқа да есептіліктер кіреді. Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіппен ұсынылады.

69. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық есептілігін жариялайды.

70. Қоғам жыл сайын Жалғыз акционерге өткен жылдың қаржылық есептілігі туралы, Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы заңға сәйкес жүргізілген аудит туралы есептерін ұсынады, ол сонда талқыланып, бекітіледі.

Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына енгізілетін датаға дейінгі 30 (отыз) күннен кем болмайтын уақытта Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне беріледі.

Жылдық қаржылық есептілікті түпкілікті бекітуді Қоғамның Жалғыз акционері жүзеге асырады. Басқарманың қаржылық есептілігінен бөлек, Қоғам Қоғамның Жалғыз акционеріне аудиторлық ұйым ұсыныстарына қоса алғанда (басшылыққа хат) аудиторлық есепті де ұсынады.

71. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жылмен сәйкес келеді (1 қаңтардан 31 желтоқсан бойынша).

72. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитын жүргізуге міндетті.

15. Корпоративті хатшы

73. Корпоративті хатшы Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғамның Басқармасы мүшесі болып табылмайтын тұлғалардан Директорлар Кеңесімен тағайындалады, және олардың алдында өзінің жұмысы туралы тоқсан сайын, жылдық қорытынды бойынша немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен басқа мерзімдерде есеп беріп тұрады.

74. Корпоративтік хатшының құзыретіне төмендегі мәселелер кіреді:

1) директорлар кеңесінің отырысына материалдар дайындау;
2) Жарғы ережелеріне сәйкес Қоғам органдарына арасында және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен нақты өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету;

3) Директорлар кеңесі мен Қоғамның басқа да лауазымды тұлғаларын корпоративтік басқаруды дамытудың жаңа тенденциялары туралы ақпараттандыру;

4) Қоғам туралы, соның ішінде корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттарды ұсыну және түсіндіруді қамтамасыз ету;

5) Жалғыз акционердің жолдауын Қоғамның тиісті органдарының қарауына жеткізілуін қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің құқығының бұзылуымен байланысты конфликтерді шешу;

6) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесі мүшелерінің жолдауы Қоғамның органдарының уақытылы қарауына бақылауды қамтамасыз ету;

7) Директорлар кеңесінің отырыстарының хаттамаларын, және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған басқа да шешімдерді сақтауды қамтамасыз ету;

8) Қоғамның аффилиирленген тұлғаларын есепке алу және Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты уәкілетті тұлғаларына ұсыну.

75. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің талап етуі бойынша оларға Директорлар кеңесі отырысының хаттамаларын, немесе сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынады және (немесе) Қоғамның мөрін басып, корпоративтік хатшының қолы қойылған хаттама немесе шешімдердің үзіндісін береді.

76. Корпоративтік хатшы Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша, және Директорлар кеңесінің отырысына шығарылатын материалдар дайындауды қамтамасыз етеді, оларға қолжетімділікті қамтамасыз етілуіне бақфлау жасайды, сондай-ақ, Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің жұмысшыларының уақытында тағайындалуын, олардың өкілеттіктерін ұзартудың уақытылы боуын қамтамасыз етеді.

77. Корпоративтік хатшының мәртебесі, функциялары мен міндеттері Қоғамның Корпоративтік хатшысы туралы Ережемен айқындалады, оны Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

16. Қоғамның лауазымды тұлғалары

78. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Директорлар кеңесі мүшелері және Қоғам Басқармасы):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқарады, және Қоғам мен Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделері барынша көрініс табатын тәсілдерді қолданады;

2) Қоғамның Жарғысына және Жалғыз акционердің, Қоғамның Директорлар Кеңесінің шешіміне қайшы келетін Қоғамның мүлкін пайдаланбауы керек және оны пайдалануды болдырмауы тиіс, сондай-ақ, мүлікті жеке өзінің мақсаттарына пайдаланбай, өзінің аффилирленген тұлғаларымен келісімшарт жасау барысында асыра пайдаланбауы қажет;

3) тәуелсіз аудитті қоса алғанда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттар ұсыну мен оны беруді бақылайды;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығына, соның ішінде Қоғамда жұмыс істеуді тоқтатқаннан кейінгі үш жыл ішінде сақтауға.

79. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, өздерінің әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан, соның ішінде нәтижесінде залалға ұшырауына байланысты Қоғам мен Жалғыз акционер алдында жауапкершілік алады:

1) жаңылыстыққа апарып соғатын немесе әдейіге жалған ақпарат ұсынғаны үшін;

2) Заңмен бекітілген негіздегі ақпарат ұсыну тәртібін бұзғаны үшін.

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилирленген тұлғаларының қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей қоғам мен акционерлер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

80. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде лауазымды тұлғаға қатысты оның Қоғамға тигізген зиянының немесе залалының орнын толтыру туралы сотқа жүгінуге құқылы.

81. Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғамның органдары қабылдаған шешімге Қоғамның немесе Жалғыз акционердің залалға ұшыруына әкеп соғатындай қарсы дауыс беріп, немесе дауыс беруге қатыспаған болса, онда жауапкершіліктен босатылады.

82. Қоғам, қолданыстағы заңнама талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттамаларына сәйкес, өз қызметін қамтамасыз етудің кадрлық мәселелерін шешеді, ұйымның формасы мен тәсілін айқындайды, еңбекті төлеу мен ынталандыруды, тарифтік мөлшерлеме мен жалақы мөлшерін, қосымша ақыларды, сыйақы мен Қоғам жұмысшыларының төлемдерін белгілейді, жұмыс

күнінің уақытын және жұмыс аптасының жалғасуын, жыл сайынғы төленетін және басқа да демалыстардың ұзақтығы мен тәртібін белгілейді.

83. Қоғам жұмысшыларын әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және Қоғамның ішкі құжаттамаларына сәйкес шешімін табады.

17. Афилиирленген тұлғалар туралы ақпарат беру тәртібі

84. Қоғамның афилиирленген тұлғалары туралы ақпарат қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпия болып табылмайды.

85. Қоғам өзінің афилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғам тіркеушісі ұсынған ақпарат негізінде жүргізуге міндетті.

86. Қоғамның афилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар афилиирленген болған күннен бастап жеті күн ішінде афилиирленген тұлғалары бойынша афилиирлену туралы ақпарат пайда болған күннен бастап Қоғамға афилиирленген тұлғалары туралы ақпарат ұсынуға міндетті.

87. Серіктестік өзі белгілеген тәртіппен уәкілетті органға өзінің афилиирленген тұлғаларының тізімін ұсынуға міндетті.

88. Қоғам афилиирленген тұлғалардың тізімін қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде және мөлшерде ұсынады.

18. Қоғамның ақпаратты ашуы

89. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпаратты Қоғамның Жалғыз акционерінің назарына жеткізеді.

Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын ақпаратқа мыналар жатады:

1) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер, қабылданған шешімдер туралы ақпарат;

2) қоғамның акцияларды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын орналастыру нәтижелері туралы есептерді, Қоғамның құнды қағаздарын өтеу нәтижелері туралы есептерді шығаруы, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді жасасуы және Қоғамның жасауға мүдделі мәмілелерді жасасуы;

4) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшердегі Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) салуы;

5) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде қарыз алуы;

6) Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін бұрын алған лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруы немесе тоқтатуы;

7) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

8) Қоғам мүлкін тәркілеу;

9) баланстық құны Қоғам активтерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғам мүлкін жоюға алып келген төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;

10) Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

11) сотта ұжымдық дау бойынша іс қозғалуы;

12) Қоғамды мәжбүрлеп қайта құру туралы шешімдер;

13) Қоғамның Жарғысына сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат, сондай-ақ Қоғамның акцияларын шығару аңдатпасы.

Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын Қоғам қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес ұсынылады.

Егер Заңнамада және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде Жалғыз акционерге ақпаратты жеткізу мерзімі белгіленбесе, аталған ақпарат пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі.

Жалғыз акционерге сотта ұжымдық дау бойынша іс қозғалуы туралы ақпарат Қоғам ұжымдық дау туралы азаматтық іс бойынша сотқа сәйкес шақырту алғаннан күннен бастап жеті күн ішінде ұсынылуы керек.

90. Қоғам және оның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес Қоғамның баспа басылымдары мен (немесе) ұжымдық сайттарында жариялануға міндетті хабарландыру мен өзге де ақпаратты жариялауы үшін қолдануы керек.

91. Қоғам Жалғыз акционердің талабына сәйкес Заңда қарастырылған құжаттардың көшірмесін ұсынуы тиіс.

92. Қоғамның Жалғыз акционері ақпаратты алу мақсатында Қоғам Басқармасына жазбаша түрде жүгінеді. Қоғамның Жалғыз акционерінің үндеуі Қоғамның кіріс құжаттарының тізілімінде тіркеледі. Қоғам Жалғыз акционерге қажетті ақпаратты (сұратылған құжаттардың көшірмелерін) жүгінген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде ұсынуға міндетті.

93. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімінің міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді. Жалғыз акционерге белгілі болған «Құпия», «Қызметтік пайдалану үшін» деп белгіленген Қоғам қызметі туралы ақпарат жазбаша немесе басқаша түрде үшінші тұлғаларға берілмейді.

19. Қоғамды қайта құру

94. Қоғамды қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

95. Қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті түрде немесе мәжбүрлікпен жүзеге асырылуы мүмкін.

96. Мәжбүрлеп қайта құру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда сот шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

20. Қоғамды тарату тәртібі

97. Тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін Қоғам Заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне Қоғам таратылу процесінде жүргені туралы мағлұмат енгізіп, заңды тұлғаларды тіркеуді жүргізетін органға жазбаша түрде хабарлауы тиіс.

98. Қоғамның Жалғыз акционері немесе Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын тағайындайды және таратудың мерзімі мен тәртібін белгілейді. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап оған Қоғамның мүлкі мен істерін басқару құқығы беріледі. Қоғам атынан өкілдік ететін тарату комиссиясы сотта сөз сөйлейді.

99. Тарату комиссиясы ресми баспасөз органдарында Қоғамды тарату туралы және оның кредиторларының наразылықтарын мәлім ету тәртібі мен мерзімін белгілейді. Бұл мерзім тарату жарияланған күннен бастап екі айдан кем болмауы керек. Тарату комиссиясы кредиторларды анықтау және қарызды алу бойынша шаралар қолданады.

100. Кредиторлардың наразылық білдіру мерзімі аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасайды. Ол Қоғам мүлкінің құрамы, кредиторлар білдірген наразылық тізімі, сондай-ақ оларды қарастыру нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын болады. Аралық тарату балансын мүліктің меншік иесі немесе Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

101. Егер Қоғамның ақшасы кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы Қоғамның мүлкін сот шешімдерін орындау тәртібімен ашық аукционда сатады.

102. Қоғам кредиторлардың талаптарын аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

103. Кредиторлармен есеп айырысулар аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы меншік иесі немесе Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаған орган бекіткен тарату балансын жасайды.

104. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік Заңға сәйкес бөлу үшін Жалғыз акционерге беріледі.

105. Соттың Қоғамды банкрот деп тануы оның таратылуына әкеп соғады.

106. Қоғамды таратуы туралы ақпарат Бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін Қоғам таратылды деп саналады және Қоғам іс-әрекетін тоқтатқан болып есептеледі.


21. Басқа ережелер

107. Егер осы Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже құқықтық қатынас бойынша рұқсат етілген басқа ережемен алмастырылуы мүмкін.

108. Осы Жарғыға енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар, сондай-ақ жаңадан редакцияланған Жарғы жазбаша түрде рәсімделеді, уәкілетті адамдар қол қояды, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен бекітіліп, тіркеледі.

109. Осы Жарғы бойынша реттелмеген кез келген жағдай туындаған сәтте Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

**Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің
Төрағасы**



Б. Тәшенов